

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2021 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 2 тамыздағы № 3/400 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 тамызда № 23916 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына және 62-бабының 6-тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2021 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Сагинтаев

Алматы қаласының әкімі
2021 жылғы 2 тамыздағы
№ 3/400
қаулысына қосымша

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2021 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері

р/с	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Тәрбиеленушілердің саны	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге	Ата-ананың бір тәрбиеленушіге айына ақы төлеу мөлшері, теңге
1	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	35916	37 527	18900
2	Жеке мектепке дейінгі ұйым	24043	37 527	18900
3	Түзету топтары	233	66 779	-

4	Жарты күн болатын мектепалды топтары	300	16 136	-
5	Санаторлық мектепке дейінгі ұйым	555	55 786	-
6	Арнайы (түзету) мектепке дейінгі ұйым	1240	66 779	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК